

М. Тажигулов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: А. А. Қалиев, азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

АРАЛЫҚ СОТ: ДАМУЫ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес «Қазақстанның өмір сүру сапасының стандарттары жоғары, серпінді, қазіргі заманғы мемлекет ретінде қарышты да орнықты дамуы адами әлеуетті,

азаматтардың іскерлігін жандандыру, азаматтық қоғам институттарын нығайту негізінде ғана мүмкін болады» деп белгіленген¹. Яғни, Қазақстан Республикасы үшін басты өзекті бағыттардың бірі болып оған тән болатын барлық атрибуттары мен белгілері бар дамыған азаматтық қоғамды қалыптастыру міндеті табылады. Мұндай атрибуттардың бірі болып туындаған даулар мен істерді шешудің мемлекеттік емес және заңдық қызмет көрсетудің баламалы жүйесі — аралық соттар табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімге оның құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүделерінің соттық қорғауды кепілдендіреді. Ал Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексінің нормалары бұзылған немесе даулы азаматтық құқықтарды қорғау осы заңнамамен бекітілген істердің ведомстволығына сәйкес соттар, төрелік және аралық сот жүзеге асырады деп белгілейді. Осылайша, заңнама аралық соттарды азаматтық құқықтарды қорғаудың баламалы нысаны ретінде мойындайды және оларды жалпы юрисдикциядағы соттар және төрелік соттармен қатар қояды. Аралық соттың баламалылығы оларды құру және ведомстволық бағыныштылыққа сәйкес олармен дауды шешу бойынша қызмет заңды қолданудың жеке тәжірибесі екендігінде. Яғни, аралық сотты құру үшін мемлекеттік органның қандайда бір рұқсаты немесе шешімі қажет емес, оны құру үшін жеке субъектілер: азаматтар мен ұйымдардың ерік білдіруі жеткілікті.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, аралық сот дауды шешудің жоғары сапалы тиімді нысаны болып табылады, сондықтан, кәсіпкерлер, коммерциялық ұйымдар мемлекеттік сот жүйесіне кірмейтін мемлекеттік емес соттарға жиі жүгінуді қалайды. Аралық сот даулы іс қатысушыларының бастамасы бойынша тәуелсіз білікті мамандар арасынан аралық соттарды кеңінен таңдауға мүмкіндік бере отыра, әрбір істі дербес, өзіне тән ерекшеліктерін ескере қарастырады, бұл қазіргі таңдағы дамыған нарықтық қатынастарға тән құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың қолайлы нысаны болып табылады.

Аралық соттың басты міндеті жеке және заңды тұлғалардың келісім қарым-қатынасынан пайда болатын қарама-қайшылықтарды реттеу болып табылады. Заңды құқықтар мен қатысушылардың мүддесін, кәсіптік мүліктік айналымды қорғаудың аталған тәсілі дәстүрлі тәсілмен салыстырғанда шығындары бойынша қарапайым, тиімді және қолжетімді. Бұл сот төрелігінің келесідей негізгі артықшылықтары бар:

- жылдамдық;
- ең аз шығындар (аралық жиын құзыретті сотқа төленетін мембаж салығына қарағанда екі есе төмен және талаптан 1,5 пайызды құрайды);
- құпиялылығы (аралық соттар аралық анықтау (талқылау) барысында белгілі болған мәліметтерді тараптардың не олардың өкілдерінің рұқсатынсыз жариялауға құқығы жоқ және анықтау барысында белгілі болған мәліметтер туралы куәгер ретінде жауап алуға болмайды).

Қанша дегенмен де аралық соттармен істі қарастыру сұрақтары заң ғылымында кеңінен көрініс тапқан жоқ деуге болады. Аралық соттарға байланысты көптеген еңбектері ресейлік заңгер ғалымдар Е. А. Виноградова, Е. А. Суханов, О. Ю. Скворцов, М. И. Клеандров, К. И. Девяткиндермен және аралық сотта істі қарау сыласындағы мамандар М. Э. Морозов, М. Г. Шиловтармен жазылған. Қазақстан Республикасында аралық соттардың қызметі, оның мәселелері мен дамуы жайындағы ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Және де аралық сотта істі шешудің тәжірибесі де кеңінен насихатталып жатқан жоқ. Ал бұл аралық сотта көптеген даулы сұрақтары бойынша істі қарастырудың тұрақты тәжірибесін қалыптастыруды бәсеңдетеді.

Сонымен қатар, өз кезегінде Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығына сәйкес, азаматтық-іс жүргізу құқығы сот төрелігінің қолжетімділігін, азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз етуге, жеке адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, қоғам және мемлекет мүдделерін уақтылы қорғау және қалпына келтіру болып табылады. Және осы мақсатта азаматтық іс жүргізуді жетілдіру жөніндегі шаралар: жеке-құқықтық жанжалдар тараптары арасындағы бітімге қол жеткізудің сот тәртібімен, сондай-ақ соттан тыс тәртіптегі жолдары мен тәсілдерін, оның ішінде істі сот талқылауына дайындаған кезде келіспеушілік рәсімдері шараларын пайдалану мүмкіндігін

талқылаудың міндеттілігін бекітуге, сондай-ақ азаматтық құқықтарды қорғаудың соттан тыс нысандарын дамытуға бағытталуы мүмкін деп белгіленген².

Сол себепті, аралық соттардың қызметін дамыту, құқықтық реттелуін жетілдіру, осындай тәртіпте істерді қарастыруды насихаттау, сонымен қатар, маңызды мақсат болып табылатын аралық сотта істі қарастыруда заңдылық пен әдеттілік, теңдік пен біліктілікті қағидаларын нақты ұстану қажет.

¹ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 858 Жарлығы 24 тамыз. 2009. // Егемен Қазақстан. 2009. 28 тамыз.

² Сонда.